



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

2021 жылғы 26 шілдедегі

№ 366

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**«Білім беру ұйымдарын бағалау  
өлшемшарттарын бекіту туралы»  
Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 2 ақпандағы № 124  
бұйрығына өзгеріс енгізу туралы»**

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13364 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Министр**

**А. Аймағамбетов**

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының  
Бас прокуратурасы

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының  
Жоғарғы соты

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және спорт министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрлігі